

Инвестициялық жобаларды қарау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 18 қараша N 1219. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 18 наурыздағы N 245 қаулысымен

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Инвестициялық жобаларды қарау ережесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіруді көздейтін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын бір ай мерзімде заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.
3. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 8 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 2 1 9 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

**Инвестициялық жобаларды қарау
ережесі**

1-бөлім. Жалпы қағидалар

1-тарау. Негізгі қағидалар

1. Осы ереже республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобаларды қарау тәртібін белгілейді.
2. Ереженің мақсаты мемлекеттік инвестициялар шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландыру және іске асыру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу жүйесін құру жолымен мемлекеттік бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) орталық уәкілетті орган - экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган ;

2) қаржыны басқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік қаржысын басқаруға әкім уәкілеттік берген атқарушы орган;

3) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган - жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті экономикалық жоспарлау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға әкім уәкілеттік берген атқарушы орган;

4) салалық уәкілетті орган - тиісті салада мемлекеттік саясатты жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген орталық атқарушы орган; республикалық инвестициялық жобаларды дайындау және іске асыру үшін жауапты салалық уәкілетті органдар бір мезгілде осы жобалар бойынша атқарушы агенттіктер болып табылады;

5) атқарушы агенттік - республикалық инвестициялық жобаларды дайындау және іске асыру үшін жауапты мемлекеттік орган, сондай-ақ жергілікті инвестициялық жобаларды дайындау және іске асыру үшін жауапты жергілікті атқарушы орган ;

6) инвестициялық ұсыныс - жобаны одан әрі зерделеуді және техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді талап ететін жобалар тізбесіне енгізу үшін алдын ала іріктеуді жүзеге асыру мүмкіндігін беретін жоба тұжырымдамасы ;

7) жобаның ақпараттық парағы - орталық уәкілетті орган белгілеген нысанда атқарушы агенттік орталық уәкілетті органға немесе экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға беретін жоба жөніндегі негізгі ақпаратты қамтитын құжат ;

8) жобаның қисынды негіздемесі - инвестициялық ұсынысты негіздеуге бағытталған және жобаның (қойылған міндеттер, белгілі бір нәтижелер мен іс-шаралар) құрылымын және күтілетін тиімділігін бағалауды қамтамасыз ететін құжат ;

9) жобаның құрылымы - жобаның шеңберінде жүзеге асыруға жоспарланатын және жобаның мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың қисынды өзара байланысты кешені;

10) инвестициялық ұсынысты салалық бағалау - жобаның тұжырымдамасын тиісті саланы дамыту бағытына сәйкестігі мәнісіне бағалау;

11) жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі (бұдан әрі - ТЭН) - инвестициялық жобаны әзірлеушілердің оның жүзеге асырылуын жан-жақты зерделеу нәтижелері бойынша және инвестициялық жобаны экономикалық

талдау негізінде дайындаған есебі; ТЭН инвестициялық жобаның неғұрлым оңтайлы құрылымы жөніндегі ұсыныстарды, сондай-ақ инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде көзделетін неғұрлым орынды маркетингтік, техникалық, қаржылық, институционалдық, экологиялық, әлеуметтік және басқа да шешімдер жөніндегі ұсыныстарды қамтиды; республикалық және жергілікті инвестициялық жобалар ТЭН-інің құрамы мен мазмұнына қойылатын талаптарды орталық уәкілетті орган бекітеді;

12) жобаны дайындауға арналған техникалық тапсырма - инвестициялық жоба ТЭН-іне қойылатын талаптарды, оның ықтимал әзірлеушісіне қойылатын біліктілік талаптарды білдіретін, сондай-ақ ТЭН-ді әзірлеу жөніндегі жұмыстардың көлемін және осы жұмыстарды орындау мерзімдерін реттеуші қ ұ ж а т ;

13) инвестициялық жобаның салалық сараптамасы - салалық ерекшелігіне байланысты өлшемдерді бағалау бөлігінде жоба ТЭН-ін әзірлеу шеңберінде жүргізілетін жобаны экономикалық талдауды бағалау;

14) инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасы - жоба ТЭН-ін әзірлеу шеңберінде жүргізілетін жобаны экономикалық талдауды кешенді б а ғ а л а у ;

15) мемлекеттік инвестициялардың басымдықтары - инвестициялық жобаларды іске асыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартылатын қаражатты пайдаланудың негізгі бағыттары; мемлекеттік инвестициялардың басымдықтары Қазақстан Республикасының, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының индикативтік жоспарларында көрсетіледі.

2-тарау. Инвестициялық жобаларды қарау жөніндегі іс-шаралар кешені және инвестициялық жобаларды қарау процесіне қатысушылардың өкілеттіктері

4. Инвестициялық жобаларды қарау жөніндегі іс-шаралар кешені индикативтік және бюджеттік жоспарлау процестері шеңберінде жүзеге асырылады және мынадай негізгі кезеңдерді қамтиды:

1) инвестициялық ұсыныстарды қарау және іріктеу;

2) инвестициялық жобаларды дайындау;

3) инвестициялық жобаларды бағалау және іріктеу;

4) басым инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру және оны бюджет комиссияларына ұсыну;

5) тиісті бюджет комиссияларының басым инвестициялық жобалардың тізбесін және оларды қаржыландыру көлемін қарауы.

5. Инвестициялық жобаларды қарау жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру процесінің негізгі қатысушылары атқарушы агенттіктер, салалық уәкілетті

органдар, орталық уәкілетті орган, қаржыны басқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар (соның ішінде аудандардың (қалалардың), экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар (соның ішінде аудандардың (қалалардың), республикалық бюджет комиссиясы және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың (қалалардың) бюджет комиссиялары болып табылады.

6. Атқарушы агенттіктер:

- 1) мемлекеттік, салалық (секторальдық) және аймақтық бағдарламалар негізінде инвестициялық ұсыныстарды қалыптастырады;
- 2) инвестициялық жобаларды дайындауды жүзеге асырады;
- 3) осы Ережеге сәйкес инвестициялық жобаларды қарау үшін талап етілетін құжаттаманы ұсынуды қамтамасыз етеді;
- 4) инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемін негіздейді.

7. Салалық уәкілетті органдар:

- 1) инвестициялық ұсыныстарды салалық бағалауды және республикалық инвестициялық жобалардың салалық сараптамасын жүргізеді;
- 2) республикалық инвестициялық, соның ішінде облыстар мен Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары мәлімдеген жобаларды іріктеуді және олардың басымдық тәртібімен сараланған тізбесін орталық уәкілетті органға ұсынуды жүзеге асырады.

8. Орталық уәкілетті орган:

- 1) инвестициялық жобаларды қарау процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 2) республикалық инвестициялық жобаларды қарау процесіне ұйымдық басшылықты қамтамасыз етеді;
- 3) инвестициялық ұсыныстарды бағалауды жүзеге асырады және республикалық инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады;
- 4) ТЭН әзірлеуді қаржыландыруды қамтамасыз ету және республикалық инвестициялық жобалар бойынша сараптама жүргізу үшін көзделген бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылады;
- 5) жергілікті инвестициялық жобаларды заңнамаға сәйкес республикалық деңгейде қажетті келісуге қатысады;
- 6) ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша шығыстар лимитінің республикалық бюджет комиссиясы белгілеген шегінде инвестициялық жобаларды республикалық бюджеттен қаржыландырудың тізбесі және көлемдері жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

9. Экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган (соның ішінде ауданның (қаланың)):

1) жергілікті инвестициялық жобаларды қарау процесіне ұйымдық басшылықты қамтамасыз етеді;

2) инвестициялық жобаларды бағалауды жүзеге асырады және жергілікті инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады;

3) жергілікті инвестициялық жобаларды іріктеуді және саралауды жүзеге асырады;

4) ағымдағы қаржы жылында іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар жөніндегі шығыстар лимитінің облыстар, Астана немесе Алматы қалаларының, ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы белгілеген шегінде жергілікті бюджеттерден инвестициялық жобаларды қаржыландырудың тізбесі және көлемдері жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады және оларды кейіннен облыстың, Астана немесе Алматы қалаларының, ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізу үшін қаржыны басқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға (соның ішінде ауданның (қаланың)) ұсынады.

10. Инвестициялық жобаларды қарау жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру процесіне заңнамаға, сондай-ақ осы ережеге сәйкес өзінің құзіреті бөлігінде инвестициялық жобаларды бағалауды (сараптауды) жүргізуге уәкілетті басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар қатысады.

2-бөлім. Республикалық инвестициялық жобаларды қарау

3-тарау. Инвестициялық ұсыныстарды қарау және іріктеу

11. Атқарушы агенттіктер инвестициялық ұсыныстарды мемлекеттік және салалық (секторальдық) бағдарламалар негізінде қалыптастырады.

12. Орталық уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша ресімделген жобаның логикалық негіздемесін қоса беру арқылы салалық бағалауды жүргізу үшін атқарушы агенттіктер инвестициялық ұсыныстарды салалық уәкілетті органға тапсырады.

13. Салалық уәкілетті орган инвестициялық ұсынысты салалық бағалауды жүзеге асырады және инвестициялық ұсыныс берілген күннен бастап жиырма жұмыс күнінің ішінде инвестициялық ұсынысты салалық бағалаудың қорытындысын атқарушы агенттікке және көшірмесін орталық атқарушы органға жібереді.

14. Салалық бағалаудың оң қорытындысын алғаннан кейін атқарушы агенттік , ал жергілікті атқарушы органдар бастамашылық жасаған жобалар бойынша салалық уәкілетті орган инвестициялық ұсынысты орталық уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша ресімделген мынадай құжаттарды қоса беру арқылы орталық уәкілетті органның қарауына береді:

жобаның ақпараттық парағы;
жобаның логикалық негіздемесі;
жобаның ТЭН-ін дайындауға арналған техникалық тапсырма;
салалық уәкілетті органның қорытындысы.

15. Орталық уәкілетті орган инвестициялық ұсынысты жоба мақсаттарының Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарында көрсетілген республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының орташа мерзімді басымдықтары мәніне сәйкестігін, сондай-ақ мемлекеттік және салалық (секторальдық) бағдарламаларға сәйкестігін қарайды және осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген құжаттама тапсыру күнінен бастап жиырма жұмыс күні ішінде инвестициялық ұсынысты бағалау жөніндегі қорытындыны атқарушы агенттікке және көшірмесін - салалық уәкілетті органға жібереді.

16. Орталық уәкілетті органның инвестициялық ұсынысты бағалау жөніндегі оң қорытындысы жоба ТЭН-ін әзірлеуге негіз болып табылады.

4-тарау. Республикалық инвестициялық жобаларды бағалау және іріктеу

17. Республикалық инвестициялық жобаларды бағалау жоба ТЭН-інің негізінде инвестициялық жобаның салалық және экономикалық сараптамаларын жүргізуді көздейді.

18. Салалық уәкілетті органның республикалық инвестициялық жобаның салалық сараптамасын жүргізуі үшін заңнамада көзделген сараптамалардың оң қорытындылары, атап айтқанда:

1) құрылыс жүргізу құжаттамасына мемлекеттік сараптаманы жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлғаның мемлекеттік сараптамасы;

2) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің экологиялық сараптамасы;

3) "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамының банктік сараптамасы;

4) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұйымдастыратын мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасы;

б) заңнамаға сәйкес қажетті басқа да сараптамалар болуы қажет.

19. Инвестициялық жобаның салалық сараптамасы мынадай негізгі мәселелерді қарауды көздейді:

жоба ТЭН-ін әзірлеуге арналған техникалық тапсырмаға жоба ТЭН-інің сәйкестігін бағалау;

жоба іске асырылған және іске асырылмаған жағдайларда саладағы ахуалды т а л д а у ;

жобаның мақсаттарына қол жеткізудің балама нұсқаларын бағалау;
техникалық шешімдерді бағалау;
жобаны іске асырудан түсетін пайданы бөлуді бағалау.

20. Республикалық инвестициялық жобаның салалық сараптамасы осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген құжаттаманың толық жиынтығы тапсырылған күннен бастап отыз жұмыс күнінің ішінде жүргізіледі. Республикалық инвестициялық жобаның салалық сараптамасының қорытындысы атқарушы агенттікке және көшірмесі - орталық уәкілетті органға жіберіледі. Инвестициялық жобаның салалық сараптамасының қорытындысына қойылатын талаптарды орталық уәкілетті орган бекітеді.

21. Атқарушы агенттік республикалық инвестициялық жобаның салалық сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін, ал жергілікті атқарушы органдар бастамашылық жасаған жобалар бойынша - салалық уәкілетті орган экономикалық сараптама жүргізу үшін осы Ереженің 18-тармағына сәйкес жоба бойынша құжаттаманың толық жиынтығын, сондай-ақ жобаның ақпараттық парағын және салалық уәкілетті органның салалық сараптамасының қорытындысын орталық уәкілетті органға жібереді.

22. Республикалық инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасы мынадай негізгі мәселелердің қаралуын көздейді:

жоба мақсаттарының мемлекеттік инвестициялардың басымдықтарына с ә й к е с т і г і н б а ғ а л а у ;

экономикалық талдауды бағалау.

23. Осы Ереженің 21-тармағына сәйкес құжаттаманың толық жиынтығын тапсырғаннан кейін орталық уәкілетті орган республикалық инвестициялық жобаға экономикалық сараптама жүргізуді ұйымдастырады және қырық бес жұмыс күнінің ішінде жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық мақсаттылығы туралы шешіммен бірге экономикалық сараптаманың қорытындысын атқарушы агенттікке және көшірмесін - салалық уәкілетті органға жібереді.

24. Өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін орталық уәкілетті орган: инвестициялық жоба бойынша қосымша ақпарат талап етуге; экономикалық сараптама жүргізу үшін заңнамада белгіленген тәртіппен сарапшылар мен консультанттар тартуға; инвестициялық жобаны қарау барысында туындайтын жекелеген мәселелерді шешу үшін жұмыс топтарын құру жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсыныстар енгізуге құқылы.

25. Орталық уәкілетті органның республикалық инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасына берген оң қорытындысы жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге негіз болып табылады.

26. Республикалық инвестициялық жоба жөніндегі жобалау-сметалық құжаттама заңнамада белгіленген тәртіппен бекітуге жатады.

5-тарау. Басым республикалық инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру

27. Басым республикалық инвестициялық жобалардың тізбесі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының бөлімі болып табылады және республикалық инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың тізбесі мен көлемін айқындау бөлігінде республикалық бюджетті әзірлеу үшін негіз болып табылады.

28. Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу үшін басым республикалық инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыруды орталық уәкілетті орган атқарушы агенттіктердің, ал облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары бастамашылық жасаған жобалар бойынша - салалық уәкілетті органдардың өтінімдері негізінде және республикалық бюджет комиссиясы белгілейтін жоспарланып отырған кезеңде республикалық инвестициялық жобаларды қаржыландыру лимиттерін ескере отырып жүзеге асырады.

29. Өтінімдерді атқарушы агенттіктер, ал облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары бастамашылық жасаған жобалар бойынша - салалық уәкілетті органдар бір мезгілде барлық республикалық инвестициялық жобаларға, соның ішінде мына талаптарды:

жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен бірге жоба бойынша (жоспарланып отырған үш жылдық кезеңнің бірінші жылында қаржыландырылуы көзделетін жобалар үшін) белгіленген тәртіппен ресімделген жобалау-сметалық құ ж а т т а м а н ы ң б о л у ы н ;

салалық уәкілетті органның салалық сараптамасының оң қорытындысының б о л у ы н ;

орталық уәкілетті органның экономикалық сараптамасының оң қорытындысының болуын қанағаттандыратын іске асырылатын жобаларға қалыптастырады.

30. Өтінімдер орталық уәкілетті органға жыл сайын мынадай құжаттарды қоса беру арқылы жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей тапсырылады:

жоспарланатын үш жылдық кезеңге жобаларды қаржыландырудың жыл сайынғы болжамдық көлемін көрсету арқылы басымдық тәртібімен сараланған

мемлекеттік және салалық (секторальдық) бағдарламалар бөлінісіндегі республикалық инвестициялық жобалардың тізбесі;

қаржыландыру жоспары орындалмаған жағдайда бөлінген қаражатты тиімді пайдаланбау себептерін көрсете отырып, өткен жылы және жобалар іске асырыла бастағаннан бергі бүкіл кезеңде республикалық инвестициялық жобалардың іске асырылуы туралы есептер;

жоспарланатын кезеңнің әрбір жылына арналған республикалық инвестициялық жобалар бойынша қаржыландыру көлемінің негіздемесі;

жоспарланатын кезеңнің бірінші жылына мәлімделген инвестициялар көлемін негіздейтін құжаттама.

31. Осы Ереженің 30-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін берілген немесе осы Ереженің 30-тармағының талаптарына сәйкес құжаттар толық құрамында берілмеген өтінімдерді орталық уәкілетті орган басым республикалық инвестициялық жобалар тізбесіне енгізу мәні бойынша қарамайды.

32. Орталық уәкілетті орган тапсырылған өтінімдерді:

мемлекеттік инвестициялардың басымдықтарына сәйкес келуі;

жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен бірге белгіленген тәртіппен ресімделген жобалау-сметалық құжаттамасының болуы (жоспарланатын кезеңнің бірінші жылында қаржыландыру көзделетін жобалар бойынша) ;

құрылыс жүргізу құжаттамасының мемлекеттік сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлғаның жобалау-сметалық құжаттамасының мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысы болуы (жоспарланатын кезеңнің бірінші жылында қаржыландырылуы көзделетін жобалар бойынша);

салалық уәкілетті органның салалық сараптамасының оң қорытындысы болуы ;

орталық уәкілетті органның экономикалық сараптамасының оң қорытындысы болуы ;

жобалар бойынша қаржыландырудың сұралатын көлемінің объективтілігі мәніне қарайды.

33. Қарау нәтижелері бойынша орталық уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясы белгілеген республикалық инвестициялық жобаларды қаржыландыру лимиті шегінде басым республикалық инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастырып, мемлекеттік және салалық (секторальдық) бағдарламалар бөлінісінде республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

6-тарау. Республикалық бюджет комиссиясының басым республикалық инвестициялық жобалардың тізбесін қарауы

34. Республикалық бюджет комиссиясы республикалық инвестициялық жобалар тізбесін және қаржыландыру көлемін қараған кезінде:

республикалық инвестициялық жобаларды қаржыландыру көзін және тетігін, сондай-ақ "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамының республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаларға және мемлекеттік кепілдікпен тартылған қаражатқа қызмет көрсету жөніндегі агент ретінде қатысу қажеттігін айқындайды;

республикалық инвестициялық жобаларды қаржыландыруға бағытталған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін белгілейді.

35. Республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру барысында орталық уәкілетті орган республикалық бюджет комиссиясының шешімі бойынша республикалық инвестициялық жобаларды қаржыландырудың тізбесін жетілдіреді және көлемін қайта қарайды.

36. Республикалық бюджет комиссиясының қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік және салалық (секторальдық) бағдарламалар бөлінісінде жоспарланатын үш жылдық кезеңге арналған басым республикалық инвестициялық жобалардың тізбесі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы индикативтік жоспарының құрамында бекітуге енгізіледі.

37. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті бекіту туралы заңды қабылдағаннан кейін тиісті қаржы жылына арналған басым республикалық инвестициялық жобалардың тізбесі функционалдық бюджеттік топтар бөлінісінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті бекіту шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыру туралы шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізіледі.

3-бөлім. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті инвестициялық жобаларын қарау

7-тарау. Инвестициялық ұсыныстарды қарау және іріктеу

38. Атқарушы агенттіктер аймақтық бағдарламалар негізінде инвестициялық ұсыныстарды қалыптастырады.

39. Инвестициялық ұсыныстарды атқарушы агенттіктер орталық уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша ресімделген мынадай құжаттарды қоса беру арқылы облыстың, Астана және Алматы қалаларының экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына бағалау жүргізу үшін тапсырады:

жобаның ақпараттық парағы;
жобаның қисынды негіздемесі;

жобаның ТЭН-ін дайындауға арналған техникалық тапсырма.

40. Экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган басқа мүдделі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп инвестициялық ұсынысты

жоба мақсатының аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарында көрсетілген, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамудың орташа мерзім басымдықтарына сәйкестігі, сондай-ақ аймақтық бағдарламаларға сәйкестігі мағынасын қарайды және осы Ереженің 39-тармағында көрсетілген құжаттаманың берілген күнінен бастап жиырма жұмыс күнінің ішінде инвестициялық ұсынысты бағалау жөніндегі қорытындыны атқарушы агенттікке жібереді.

41. Экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның инвестициялық ұсынысты бағалау жөніндегі оң қорытындысы жобаның ТЭН-ін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

8-тарау. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті инвестициялық жобаларын бағалау мен іріктеу

42. Жергілікті инвестициялық жобаны бағалау жобаның ТЭН-і негізінде инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасын жүргізуді көздейді.

43. Жергілікті инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасын жүргізу үшін мынадай құжаттар:

- 1) жобаның ақпараттық парағы;
- 2) осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген құжаттардың тізбесі болуы қажет

44. Жергілікті инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасы мынадай негізгі мәселелердің қаралуын көздейді:

жобаның ТЭН-ін әзірлеуге арналған техникалық тапсырмаға жоба ТЭН-нің сәйкестігін бағалау;

жоба мақсаттарының мемлекеттік инвестициялардың басымдықтарына сәйкестігін бағалау;

жобаның іске асырылу және іске асырылмау жағдайларында аймақтағы (саладағы) ахуалды талдау;

жобаның мақсаттарына қол жеткізудің баламалы нұсқаларын бағалау;
техникалық шешімдерді бағалау;

жобаның экономикалық тиімділігін бағалау;

жобаның әсерін бағалау;

жоба бойынша тәуекелдерді бағалау.

45. Осы Ереженің 43-тармағында көрсетілген құжаттаманың толық жиынын тапсырғаннан кейін экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті инвестициялық жобаға экономикалық сараптама жүргізуді ұйымдастырады және қырық бес жұмыс күні ішінде экономикалық сараптаманың қорытындысын жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық орындылығы туралы шешіммен қоса атқарушы агенттікке жібереді.

46. Жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган инвестициялық жоба жөнінде қосымша ақпарат сұратуға, заңнамада белгіленген тәртіппен экономикалық сараптама жүргізу үшін сарапшылар мен консультанттар тартуға, инвестициялық жобаны қараудың барысында туындайтын жекелеген мәселелерді шешу үшін жұмыс топтарын құру жөнінде ұсыныстарды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджет комиссиясына енгізуге құқылы.

47. Экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның инвестициялық жоба экономикалық сараптамасының оң қорытындысы, ал осы Ереженің 49-тармағының талаптарына сәйкес республикалық деңгейде келісуді талап ететін жобалар бойынша орталық уәкілетті органның жергілікті инвестициялық жобаны келісу туралы оң қорытындысы жоба жөнінде жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу үшін негіздеме болып табылады.

48. Жергілікті инвестициялық жоба жөніндегі жобалау-сметалық құжаттама заңнамада белгіленген тәртіппен бекітуге жатады.

9-тарау. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті инвестициялық жобаларын республикалық деңгейде келісу

49. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары жергілікті инвестициялық жобаларын республикалық деңгейде келісуді:

1) жергілікті инвестициялық жобаларды қаржыландыру заңды және жеке тұлғалардан қарыз алуы нәтижесінде жергілікті атқарушы орган тартатын қаражаттың есебінен көзделетін жағдайларда - Қазақстан Республикасының Үкіметі ;

2) жергілікті инвестициялық жобалардың құрамында қолданылып жүрген бағамен 100 млн. теңгеден жоғары құрылыстың сметалық құны кезінде - орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

50. Осы Ереженің 49-тармағына сәйкес келісуге жататын жергілікті инвестициялық жобаларды жергілікті атқарушы органдар мынадай құжаттарды қоса беру арқылы орталық уәкілетті органға жібереді:

1) ж о б а н ы ң Т Э Н - і ;

2) құрылыс жүргізу құжаттамасының мемлекеттік сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлғаның мемлекеттік сараптамасының қорытындысы (заңнамада көзделген жағдайларда);

3) "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамы, екінші деңгейдегі банктердің, осы қызметті жүргізу құқығына ие консалтингтік немесе аудиторлық компаниялардың, оны қайтарымды негізде қаржыландырған кездегі жергілікті инвестициялық жобаның өтелімділігі туралы сараптамалық қорытындысы;

4) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның экономикалық сараптамасының қорытындысы.

51. Орталық уәкілетті орган жергілікті инвестициялық жоба жөнінде тапсырылған құжаттарды қарайды және осы Ереженің 50-тармағында көрсетілген құжаттаманың толық жиынын тапсырғаннан кейін отыз жұмыс күнінің ішінде жергілікті инвестициялық жобаны келісу туралы қорытындыны жергілікті атқарушы органға жібереді.

52. Жергілікті инвестициялық жобаны келісу туралы орталық уәкілетті органның оң қорытындысы жергілікті атқарушы органдардың белгіленген тәртіппен :

1) жергілікті атқарушы органның қарыз алуы есебінен қаржыландыру көзделетін жергілікті инвестициялық жобаны келісу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын;

2) сметалық құны қолданылып жүрген бағамен 100 млн. теңгеден жоғары жергілікті инвестициялық жобаның құрамындағы құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті шешімінің жобасын енгізу үшін негіз болып табылады.

10-тарау. Облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының басым жергілікті инвестициялық жобаларының тізбесін қалыптастыру

53. Облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының басымды жергілікті инвестициялық жобаларының тізбесі облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының бөлімі болып табылады және жергілікті инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталатын бюджеттік бағдарламалардың қаржыландыру тізбесін және көлемдерін анықтау бөлігінде облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының бюджеттерін әзірлеу үшін негіз қызметін атқарады.

54. Облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының бюджеттік комиссиялары айқындайтын, жоспарланатын кезеңде инвестициялық жобаларды қаржыландыру лимиттерін ескере отырып, атқарушы агенттіктердің өтінімдері негізінде экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының бюджеттік комиссияларының қарауына енгізу үшін басымды жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастырады.

55. Атқарушы агенттіктер мынадай талаптарды қанағаттандыратын, іске асырылатын жобаларды қоса алғанда, барлық жергілікті инвестициялық жобаларға бір мезгілде өтінім қалыптастырады:

жоба жөнінде жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштері бойынша белгіленген тәртіппен ресімделген жобалық-сметалық құжаттаманың болуы (жоспарланатын үш жылдық кезеңнің алғашқы жылында қаржыландыру көзделген жобалар үшін);

экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның экономикалық сараптамасының оң қорытындысы болуы;
жергілікті инвестициялар жобаны келісу туралы орталық уәкілетті органның оң қорытындысы болуы (осы Ереженің 49-тармағында көзделген жағдайларда).

56. Мынадай құжаттар қоса беріле отырып, жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей жыл сайын экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға өтінімдер беріледі:

жоспарланатын үш жыл кезеңге жобаларды қаржыландырудың жыл сайынғы болжамдық көлемдері көрсетіле отырып, басымдық тәртібімен сараланған, облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының басымды жергілікті инвестициялық жобаларының тізбесі;

осының алдындағы жылда және жобалар іске асырыла бастағаннан бергі барлық кезеңде қаржыландыру жоспары орындалмаған жағдайда бөлінген қаражаттың тиімді пайдаланылмау себептерін көрсете отырып, облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының жергілікті инвестициялық жобаларын іске асыру туралы есептер;

жоспарланатын кезеңнің әрбір жылына облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының жергілікті инвестициялық жобалары бойынша қаржыландыру көлемдерін негіздеу;

жоспарланатын кезеңнің бірінші жылына инвестициялардың мәлімделген көлемдерін негіздейтін құжаттама.

57. Экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы Ереженің 56-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін берілген немесе құжаттардың толық емес құрамымен берілген өтінімдерді басымды жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізу тұрғысында қарамайды.

58. Экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ұсынылған өтінімдерді:

мемлекеттік инвестициялардың басымдықтарына сәйкестігі;
жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен бірге белгіленген тәртіппен ресімделген жобалау-сметалық құжаттамасының болуы (жоспарланатын кезеңнің алғашқы жылында қаржыландыру көзделетін жобалар бойынша);

құрылыс жүргізу құжаттамасының мемлекеттік сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлғаның жобалау-сметалық құжаттамасының мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысының болуы (жоспарланатын кезеңнің алғашқы жылында қаржыландыру көзделген жобалар бойынша);

экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның экономикалық сараптамасының оң қорытындысының болуы;

жергілікті инвестициялық жобаны келісу туралы орталық уәкілетті органның оң қорытындысы болуы (осы Ереженің 49-тармағында көзделген жағдайларда); жобалар бойынша қаржыландырудың сұралатын көлемінің объективтілігі мәселесі бойынша қарайды.

59. Экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган қараудың нәтижелері бойынша аймақтық бағдарламалар бөлінісінде, облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының бюджеттік комиссиялары айқындаған, жергілікті инвестициялық жобаларды қаржыландыру лимиті шегінде облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының басымды жергілікті инвестициялық жобаларының тізбесін қалыптастырады және оны қаржыны басқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға енгізеді.

11-тарау. Облыстардың, Астана немесе Алматы қалалары бюджет комиссияларының облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының басым жергілікті инвестициялық жобаларының тізбесін қарауы

60. Қаржыны басқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылында іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар жөніндегі шығыстар лимитін облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының бюджет комиссиялары айқындаған шегінде жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесін және жергілікті бюджет қаражатынан қаржыландыру көлемдері жөніндегі ұсыныстарды облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының бюджет комиссияларының қарауына енгізеді.

61. Экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджет жобасын қалыптастыру барысында облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының бюджет комиссияларының шешімі бойынша жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесін пысықтайды және қаржыландыру көлемдерін қайта қарайды.

62. Облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының бюджет комиссияларының қарау нәтижелері бойынша аймақтық бағдарламалар бөлігінде жоспарланатын үш жыл кезеңге басымды жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесі облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары құрамында облыстардың, Астана немесе Алматы қалалары мәслихаттарының бекітуіне енгізіледі.

4-бөлім. Аудандардың (қалалардың) жергілікті инвестициялық жобаларын қарау

12-тарау. Инвестициялық ұсыныстарды қарау және іріктеу

63. Атқарушы агенттіктер аймақтық бағдарламалар негізінде инвестициялық ұсыныстар қалыптастырады.

64. Орталық уәкілетті орган айқындайтын нысан бойынша ресімделген мына құжаттар қоса беріле отырып, аудан (қала) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы бағалау жүргізу үшін атқарушы агенттіктер инвестициялық ұсыныстар береді:

жобаның ақпараттық парағы;
жобаның қисынды негізделуі;

жобаны дайындаудың техникалық тапсырмасы.

65. Ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы жоба мақсаттарының аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарында көрсетілген, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді басымдықтарына сәйкестігі, сондай-ақ аймақтық бағдарламаларға сәйкестігі тұрғысында инвестициялық ұсыныстарды қарайды және осы Ереженің 64-тармағында көрсетілген құжаттама ұсынылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде атқарушы агенттікке инвестициялық ұсынысты бағалау жөнінде қорытынды жібереді.

66. Ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның инвестициялық ұсынысты бағалау жөніндегі оң қорытындысы жобаның ТЭН-ін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

13-тарау. Ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобаларын бағалау мен іріктеу

67. Ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобаларын бағалау жобаның ТЭН-ні негізінде инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасын жүргізуді көздейді.

68. Ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобасының экономикалық сараптамасын жүргізу үшін мынадай құжаттардың:

- 1) жобаның ақпараттық парағы;
- 2) осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесі болуы қажет.

69. Ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобасының экономикалық сараптамасы аудан (қала) ауқымы шегінде осы Ереженің 44-тармағында көрсетілген мәселелердің қаралуын көздейді.

70. Осы Ереженің 68-тармағында көрсетілген құжаттардың толық жиынтығы берілгеннен кейін ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобасының экономикалық сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады және отыз жұмыс күні ішінде атқарушы агенттікке жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық орындылығы туралы шешімімен экономикалық сараптама қорытындысын жібереді.

71. Ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін инвестициялық

жоба бойынша қосымша ақпарат сұратып алуға, экономикалық сараптама жүргізу үшін заңдармен белгіленген тәртіппен сарапшылар мен консультанттар тартуға, ауданның (қаланың) бюджет комиссиясына инвестициялық жобаны қарау барысында туындайтын жекелеген мәселелерді шешу үшін жұмыс топтарын құру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы.

72. Ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органының инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасы бойынша оң қорытындысы жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу үшін негіздеме болып табылады.

73. Ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобасы жөніндегі жобалау-сметалық құжаттама заңдармен белгіленген тәртіппен бекітуге жатады.

74. Аудандардың (қалалардың) барлық жергілікті инвестициялық жобалары облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органымен келісуге жатады.

75. Осы Ереженің 74-тармағына сәйкес аудандардың (қалалардың) жергілікті инвестициялық жобалары мына құжаттар қоса беріле отырып, облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына жіберіледі:

1) жобаның ТЭН - ні ;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі құрылыс құжаттамасының мемлекеттік сараптамасын жүзеге асыруға уәкілеттік берген заңды тұлғаның мемлекеттік сараптамасының қорытындысы (заңнамамен көзделген жағдайларда) ;

3) қайтарымды негізде қаржыландыру кезінде жергілікті инвестициялық жобаның өзін-өзі ақтауы туралы қызметті жүргізуге құқығы бар "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамының, екінші деңгейдегі банктердің, консалтингтік немесе аудиторлық компаниялардың сараптамалық қорытындылары ;

4) ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органының экономикалық сараптамасының оң қорытындысы.

76. Облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы жергілікті инвестициялық жоба бойынша берілген құжаттарды қарайды және осы Ереженің 75-тармағында көрсетілген құжаттамалардың толық жиыны берілген күннен кейін жиырма жұмыс күні ішінде ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобасын келісу туралы қорытынды жібереді.

14-тарау. Ауданның (қаланың) басым жергілікті инвестициялық жобаларының тізбесін қалыптастыру

77. Ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы айқындайтын жоспарланатын кезеңде инвестициялық жобаларды қаржыландырудың лимитін ескере отырып, атқарушы агенттіктердің өтінімдері негізінде ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізу үшін ауданның (қаланың) басым жергілікті инвестициялық жобаларының тізбесін қалыптастыруды жүзеге асырады.

78. Мына талаптарды қанағаттандыратын, іске асырылатындарын қоса алғанда, атқарушы агенттіктер сонымен бір мезгілде барлық жергілікті инвестициялық жобаларға өтінімдер қалыптастырады:

жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен белгіленген тәртіппен ресімделген жоба бойынша жобалық-сметалық құжаттаманың болуы (жоспарланатын кезеңнің алғашқы жылында қаржыландыру көзделген жобалар б о й ы н ш а) ;

ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органының экономикалық сараптамасының оң қорытындысы болуы;

ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобасын келісуі туралы облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының оң қорытындысының болуы.

79. Өтінімдер жыл сайын мынадай құжаттар қоса беріле отырып, жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті о р г а н ы н а б е р і л е д і :

жоспарланатын үш жылдық кезеңге жобаларды қаржыландырудың жыл сайынғы көлемдерінің болжамы көрсетіле отырып, басымдық тәртібімен сараланған ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобаларының тізбесі;

қаржыландыру жоспары орындалмаған жағдайда бөлінген қаражаттың тиімсіз пайдаланылу себептерін көрсете отырып, алдындағы жылда және жобалардың іске асырыла бастауының барлық кезеңінде ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобаларын іске асыру туралы есептер;

жоспарланатын кезеңнің әрбір жылына ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобалары бойынша қаржыландыру көлемдерін негіздеу;

жоспарланатын кезеңнің бірінші жылына инвестициялардың мәлімделген көлемдерін негіздейтін құжаттама.

80. Ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы осы Ереженің 79-тармағының талаптарына сәйкес осы Ереженің 79-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін берілген немесе құжаттардың толық емес құрамымен берілген өтінімдерді ауданның (қаланың) басым жергілікті инвестициялық жобаларының тізбесіне енгізу тұрғысында қарамайды.

81. Ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы берілген өтінімдерді:

мемлекеттік инвестициялар басымдықтарына сәйкестігі;
техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен белгіленген тәртіппен ресімделген жобалау-сметалық құжаттаманың болуы (жоспарланатын кезеңнің алғашқы жылында қаржыландыру көзделген жобалар бойынша);

Қазақстан Республикасының Үкіметі құрылыс құжаттамасының мемлекеттік сараптамасын жүзеге асыруға уәкілеттік берген заңды тұлғаның жобалау-сметалық құжаттамасының мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысының болуы (жоспарланатын кезеңнің алғашқы жылында қаржыландыру көзделген жобалар бойынша);

ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органының экономикалық сараптамасының оң қорытындысының болуы;

облыстардың, Астана немесе Алматы қалаларының экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органының ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобасын келісу туралы оң қорытындысының болуы;

жобалар бойынша қаржыландырудың сұралатын көлемінің объективтілігі мәні бойынша қарайды.

82. Ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы қараудың нәтижелері бойынша аймақтық бағдарламалар бөлігінде ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы айқындаған ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобаларын қаржыландыру лимиті шегінде ауданның (қаланың) басым жергілікті инвестициялық жобаларының тізбесін қалыптастырады және ауданның (қаланың) қаржыны басқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органына енгізеді.

15-тарау. Ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының ауданның (қаланың) жергілікті инвестициялық жобаларының тізбесін қарауы

83. Ауданның (қаланың) қаржыны басқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ағымдағы қаржы жылында іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы айқындаған лимит шегінде инвестициялық жобаларды ауданның (қаланың) бюджет қаражатынан қаржыландыру тізбесі және көлемі жөніндегі ұсыныстарды ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

84. Ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ауданның (қаланың) бюджет жобасын қалыптастыру барысында ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының шешімі бойынша ауданның (қаланың) инвестициялық жобаларының тізбесін пысықтайды және қаржыландыру көлемдерін қайта қарайды.

85. Ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының қарау нәтижелері бойынша аймақтық бағдарламалар бөлігінде жоспарланатын үш жыл кезеңге арналған ауданның (қаланың) басым жергілікті инвестициялық жобаларының тізбесі аудан (қала) мәслихатының бекітуіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 18 қарашадағы

№ 1219 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші
жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеудің және жүзеге асырудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы № 1389 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., № 50, 476-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы № 1389 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы № 673 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., № 25, 233-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы № 1389 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы № 139 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., № 4, 58-құжат).

4. "Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу рәсімі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 шілдедегі № 1082 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., № 30, 368-құжат).